

«Ақ қайың» бөбекжайы
"Балбөбек" ерте жас тобы

ЦИКЛОГРАММА
2021-2022 оқу жылы

**Тәрбиешілер: Исаева Г.
Дарибаева К.**

Құтарыс, 2022 ж.

**«Ақ қайың» бөбекжайы
«Балбөбек» кіші тобы**

Қыркүйек айы (01.09 – 03. 09. 2021 жыл

Өтпелі тақырыбы: «Балабақша»

Мақсаты: Қоршаған орта мен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамыту.

Қыркүйек айының 1-апта тақырыбы: «Мен және қоршаған орта»

Аптаның мақсаты: Балаларды жас шамасына сәйкес қоршаған ортаға бейімдеу.

Міндеті: Балабақша ауласымен таныстырып, ағаштар мен өсімдіктерді күтіп баптауға үйрету.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	7.30 - 8.30.	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қабылдау.				
Ата – аналармен сұхбаттасу		Ата – аналармен баланың денсаулығы, көңіл – күйі туралы әңгімелесу. Балаларға бүгінгі күнді көңілді, әрі қызықты өткізуді ұсыну.				
Ойындар				Дид.ойын: «Ауадағы шарлар». Мақсаты: Дидактикалық ойын арқылы балаларды үлгіге қарап, алты түспен («қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр», «сарғыш») таныстыру көзделеді.	Дид.ойын: «Заттардың түсін ажыратайық» Мақсаты: Заттың түсін ажырата білуге балаларды жаттықтыру; өзара бір-біріне жакын түстерді ажырата білу.	Дид.ойын: «Кемпіркөсақ» Мақсаты: Балаларды түстер жүйесімен таныстыру. Спектрдегі түстердің орналасуымен таныстыру
Таңғы жаттығу		№1-ші таңертеңгі жаттығу кешені. Балалармен таза ауада, көңілді әуенмен таңғы жаттығуды орындау.				
Таңғы ас	8.30 - 9.30	Топқа келу. Таңғы ас түрімен таныстыру. Тамақтану ережелерін бала бойына сіңіру, дәмені тік ұстау, тамақты асықпай жеу, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру т.б				
Ұйымдастырылған оқу қызметтеріне	9.30 - 10.00	«Ойнайық та, ойлайық» ойын ойнау арқылы балалардың оқу қызметіне қызығушылығын ояту.				

дайындық				Дид.ойын: «Түрлі – түсті көйлектегі бишілер» Мақсаты: Кемпіркосақ түстерінің орналасу реттілігі мен түстің атауын білуді бекіту. Қуыршақтардың көйлектері мен түстері жайлы әңгімелей білуге жаттықтыру.	Дид.ойын: «Футболшылар» Мақсаты: Балалардың негізгі және қосымша түстерді айыра білуге үйрету. Түстерді топтай білу. Ашық және қою түстерді қолдануда сөздіктерді орнымен қолдана білу.	Дид.ойын: «Қандай түстер қолданылған?» Мақсаты: Бір түстің 2 реңкін ажырата білуге, түс реңктерін бейнелеп айтудағы сөзді сөйлем ортасына қолдана білуге жаттықтыру: күрен қызыл, ашық сары, ашық сарғыш.
Ұйымдастырылған оқу қызметі	10.00 10.35.			1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біздің балалар қайда екен? Мақсаты: Топты таныстыру, бөлмедегі заттардың атын үйрету, сұрақтарға жауап беруге үйрету, ұқыптылыққа баулу. 2. Сурет Қағаз қарандашпен таныстыру. Мақсаты: Көйлеңкенің тігінен сызықтар сызуды үйрету, қағазбен, майлы қарандашпен таныстыру. Қарандашпен жұмыс істеру дағдыларын	1. Дене шы-у Тақырыбы: Қол ұстасып шеңбер жасау. Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасай білуге, алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу және жылдам жүруге үйрету. 2. Жаратылыстану Тақырыбы: Күзгі табиғат. Мақсаты: Балаларды жылдың күз мезгілімен, күзгі ерекшеліктерімен таныстыру. Көргендерін суреттеп беруге дағдыландыру.	1. Дене шынықтыру. Тақырыбы: Алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу және жылдам жүгіру. Мақсаты: Алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу және жылдам жүгіруге, бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету.

			калыптастыру. Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу. Ойыны: «Нені қайда қоямыз?»	Табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	10.35- 11.40	Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киінуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.			
Серуен		Аулаға келген құстарды бақылау. Құстар туралы әңгімелеу. Түрлі ойын ұйымдастыру. 1. Қимылды ойын: «Ұшты - ұшты» Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. 2. Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады». Мақсаты: Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан — жаққа қаша жүгіреді, ойын жалғасады. 3. «Қасқырлар мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.			
Серуеннен оралу	11.40- 12.00	Серуеннен оралу. Дұрыс киінуге көмектесу. Киімдерді өз орнына ретімен сөреге қоюын қадағалау. Тазалық жұмыстарын жүргізу, беті — қолын жуу.			
Түскі ас	12.00- 12.30	Балаларды орындыққа дұрыс отыруын қадағалау. Түскі ас түрімен таныстыру. Асты төкпей — шашпай ішуге үйрету. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақ соңында бата беруге дағдыландыру. Тамақ беріп тойдырған, Сусын беріп қандырған. Мұсылман етіп жаратқан, Аллаға шүкір аумин!			
Түскі ұйқы	12.30- 13.00	Балаларды тәтті ұйқыға шақыру. Әр бала өз төсегіне жатуын қадағалау.			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	13.00 13.30- 14.00	№1 картатека. Әсем әнмен балаларды ояту. №2 картатека. Түрлі жаттығулар жасау. Ауыз су процедурасын орындату. Беті — қолын салқын сумен шаю. №3 картатека.			

		Дұрыс киінуін қадағалау.				
Бесін ас	15.30	Балаларды тамақтануға шақыру. Ас түрімен таныстыру. Дұрыс тамақтануын қадағалау. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
Ойындар, дербес әрекет	16.00. 16.35			Шебер қолдар. «Бұзық телефон» Дид.ойын: «Сайқымазақ-тарды киіндір» Максаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау.	Сюжетті ойын: «Емхана» Максаты: Балалардың ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлу, ойын аяқталған соң бір ұжымға жиналу әдетін қалыптастыру.	Дид.ойын: «Жылы және суық түстер» Максаты: Жылы және суық түстерді айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту. Балалардың сөйлеу тілінде зат атауын жалпылама айта білуді бекіту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	16.35 17.30			«Саусақ жаттығуы»	Логикалық ойын «Топтастыр»	Дид.ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта» Сөздегі дыбыстарды, сөздерді дұрыс айту.
Серуенге дайындық, серуен	17.30 17.50	Балалардың киінуін қадағалау. Дұрыс киіндіру. Керек заттарын ала отырып, таза ауаға, өз ауласына шығу.				
Балалардың үйіне қайтуы	17.50 18.00	Ата – аналармен қарым – қатынас. Балалардың бүгінгі көңіл – күйін, белсенділігін, аздаған кемшіліктерін әңгімелеу. Балалармен ертеңге дейін қоштасу.				

Тексерілді 31.08.2021

**«Ақ қайың» бөбекжайы
«Балбөбек» кіші тобы**

Қыркүйек айы (06.09 – 10. 09. 2021 жыл

Өтпелі тақырыбы: «Балабақша»

Максаты: Қоршаған орта мен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамыту.

Қыркүйек айының II-апта тақырыбы: «Тірі және өлі табиғат»

Аптаның максаты: Балалардың бойындағы балабақшаға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға, қызығушылықты дамытуға бағытталған.

Міндеті: Балабақша ауласымен таныстырып, ағаштар мен өсімдіктерді күтіп баптауға үйрету.


Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	7.30 - 8.30	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қабылдау.				
Ата – аналармен сұхбаттасу		Ата – аналармен баланың денсаулығы, көңіл – күйі туралы әңгімелесу. Балаларға бүгінгі күнді көңілді, әрі қызықты өткізуді ұсыну.				
Ойындар		Дид.ойын: «Ыдыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес» Максаты: Алты түсті менгертуді үйретуге жаттықтыру.	Дид.ойын: «Қандай түстер қолданылған?» Максаты: Бір түстің 2 реңкін ажырата білуге, түс реңктерін бейнелеп айтудағы сөзді сөйлем ортасына қолдана білуге жаттықтыру.	Дид.ойын: «Ауадағы шарлар». Максаты: Дидактикалық ойын арқылы балаларды үлгіге қарап, алты түспен («қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «сарғыш») таныстыру көзделеді.	Дид.ойын: «Тышқанды жасыру» Максаты: Балаларда 6 түс туралы («қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «сарғыш») түсінік қалыптастыру.	Дид.ойын: «Кемпіркөсе» Максаты: Балаларды түстер жүйесімен таныстыру. Спектрдегі түстердің орналасуымен таныстыру
Таңғы жаттығу		№2-ші таңертеңгі жаттығу кешені. Балалармен таза ауада, көңілді әуенмен таңғы жаттығуды орындау.				
Таңғы ас	8.30	Топқа келу. Таңғы ас түрімен таныстыру. Тамақтану ережелерін бала бойына сіңіру, денені тік ұстау, тамақты				

Ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық	9.30	асықпай жеу, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру т.б				
	9.30-10.00	«Ойнайық та, ойлайық» ойын ойнау арқылы балалардың оқу қызметіне қызығушылығын ояту.				
		Дид.ойын:«Түрлі - түсті гүл шоғын құрастыр»Мақсаты: Жылы және суық түстерді айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту.	Дид.ойын:«Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық»Мақсаты: Негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге.	Дид.ойын:«Түрлі - түсті көйлектері бишілер»Мақсаты:Кемпірқосақ түстерінің орналасу реттілігі мен түстің атауын білуді бекіту.	Дид.ойын:«Сынарын тап»Мақсаты: Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінің беру. Аяқ киімдердің түр - түсіне,көлеміне пішінін таба білу.	Дид.ойын:«Пирамида құрастыру»Мақсаты: Түстердің рені бойынша топтастыра білуге үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметі	10.00-10.35	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: бір орында тұрып қос аяқпен секіру. Мақсаты: Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, бір орында тұрып белгіленген жерге дейін (2-3м) еңбектеуге үйрету. 2..Сурет салу Тақырыбы: Шағылысқан күн сәулесі. Мақсаты: балаларға алақан мен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдістерін үйрету. Саусақ бұлшық еттерін және қозғалыстарын жетілдіру. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1. Құрастыру. Тақырыбы: Мұнара Мақсаты: Балалардың ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дамушылық қолдың ұсақ қол моторикасын дамыту. Канструктордан мұнараны құрастыра білуге үйрету. 2. Музыка Тақырыбы: «Бала балапан» Мақсаты: Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимыл жасауға	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Мен тәртіпті баламын. Мақсаты: Балаларға деген сүйіспеншілікке дамыту өзінің балабақшада достық қарым қатынас сезімдеріне тәрбиелеу. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. 2. Музыка Тақырыбы: «Бала балапан» Мақсаты: балалардың дене	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: Белгілеген жерге дейін (2-3м) еңбектеу. Мақсаты: Тәрбиешінің артынан жүріп өту, белгіленген жерге өтіп шапшандыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. 2.Жаратылыстану Тақырыбы: Күзгі табиғат. Мақсаты: Балалардың жылдың күз мезгілінде табиғаттағы күзгі ерекшеліктерімен таныстыру.	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:Таяқшалардан 3-4 аттап өту Мақсаты: Балаларға таяқшалардан аттап өтуді қайталану және кедергілер арасымен жаттығулардың ережесін дұрыс орындауға дағдыландыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Бір-біріне кедергі жасамауын қалағалау. Ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.

			үйрету.	мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимыл жасауға үйрету.		
Серуенге дайындық	10.35 11.40	Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киінуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	11.40 12.00	Түрлі ойын ұйымдастыру. 1. Қимылды ойын: «Ұшты - ұшты» Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. 2. Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады». Мақсаты: Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан — жаққа каша жүгіреді, ойын жалғасады. 3. «Қасқырлар мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. 4. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. 5. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты:Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.				
Серуеннен оралу		Серуеннен оралу. Дұрыс киінуге көмектесу. Киімдерді өз орнына ретімен сөреге қоюын қадағалау. Тазалық жұмыстарын жүргізу, беті – қолын жуу.				
Түскі ас	12.00 12.30	Балаларды орындыққа дұрыс отыруын қадағалау. Түскі ас түрімен таныстыру. Асты төкпей – шашпай ісуге үйрету. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақ соңында бата беруге дағдыландыру. Тамақ беріп тойдырған, Сусын беріп қандырған. Мұсылман етіп жаратқан,				

		Аллаға шүкір аумин!				
Түскі ұйқы	12.30 - 15.00	Балаларды тәтті ұйқыға шақыру. Әр бала өз төсегіне жатуын қадағалау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.00 - 16.00	№1 картатека. Әсем әнмен балаларды ояту. №2 картатека. Түрлі жаттығулар жасау. №3 картатека. Ауыз су процедурасын орындату. Беті – қолын салқын сумен шаю. №4 картатека. Дұрыс киінуін қадағалау. №5 картатека. Балаларды ұйымшылдыққа баулу				
Бесін ас	16.00 - 16.35	Балаларды тамақтануға шақыру. Ас түрімен таныстыру. Дұрыс тамақтануын қадағалау. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
Ойындар, дербес әрекет	16.35 - 17.30	Ойнайықта,ойлайық! «Қолымдағыны тап» Дид.ойын:«Футболшылар» Максаты: Балалардың негізгі және қосымша түстерді айыра білуге үйрету. Түстерді топтай білу.	Дид.ойын:«Түсіне қарай орналастыр» Максаты: балалардың түс туралы алған білімін,заттардың әр түрлі ерекшеліктеріне, пішін, көлем, атқару қызметіне,назар аудармай отырып түстерді айыру.	Шебер қолдар. «Бұзық телефон» Дид.ойын: «Сайқымазақтарды киіндір» Максаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау.	Сюжетті ойын: «Емхана» Максаты: Балалардың ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлу, ойын аяқталған соң бір ұжымға жиналу әдетін қалыптастыру.	Дид.ойын: «Жылы және суық түстер» Максаты: Жылы және суық түстерді айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту. Балалардың сөйлеу тілінде зат атауын жалпылама айта білуді бекіту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	17.30 - 18.50	Заттарды түсіне қарай ажырат.	Достарының атын атау	«Саусак жаттығуы»	Логикалық ойын «Топтастыр»	Дидактикалық ойын. «Мен бастаймын, сен аяқта» Сөздегі дыбыстарды, сөздерді дұрыс айту.
Серуенге дайындық,	18.50 - 19.00	Балалардың киінуін қадағалау. Дұрыс киіндіру. Керек заттарын ала отырып, таза ауаға, өз ауласына шығу.				

серуен		
Балалардың үйіне қайтуы		Ата – аналармен қарым – қатынас. Балалардың бүгінгі көңіл – күйін, белсенділігін, аздаған кемшіліктерін әңгімелеу. Балалармен ертеңге дейін қоштасу.

Шексерілді 03.03.2021 ж. 

**«Ақ қайың» бөбекжайы
«Балбөбек» кіші тобы**

Қыркүйек айы (13.09 – 17. 09. 2021 жыл)
Өтпелі тақырыбы: «Балабақша»


Максаты: Қоршаған орта мен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамыту.
Қыркүйек айының III-апта тақырыбы: «Ғажайыптар әлемінде»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата – аналармен сұхбаттасу	7.30-8.30	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Ата – аналармен баланың денсаулығы, көңіл – күйі туралы әңгімелесу. Балаларға бүгінгі күнді көңілді, әрі қызықты өткізуді ұсыну.				
Ойындар		Дид.ойын: «Ыдыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес» Максаты: Алты түсті меңгертуді үйретуге жаттықтыру.	Дид.ойын: «Футболшылар» Максаты: Балалардың негізгі және қосымша түстерді айыра білуге үйрету. Түстерді топтай білу. Ашық және қою түстерді қолдануда сөздіктерді орнымен қолдана білу.	Дид.ойын: «Сынарын тап» Максаты: Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік беру. Аяқ киімдердің түр - түсіне, көлеміне, пішініне және ою - өрнегіне байланысты сынарын таба білу.	Дид.ойын: «Жылы және суық түстер» Максаты: Жылы және суық түстерді айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту. Балалардың сөйлеу тілінде зат атауын жалпылама айта білуді бекіту.	Дид.ойын: «Ауадағы шарлар». Максаты: Дидактикалық ойын арқылы балаларды үлгіге қарап, алты түспен («кызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр», «сарғыш») таныстыру көзделеді.
Таңғы жаттығу		Балалармен таза ауада, көңілді әуенмен таңғы жаттығуды орындау.				
Таңғы ас	8.30-9.30	Топқа келу. Таңғы ас түрімен таныстыру. Тамақтану ережелерін бала бойына сіңіру, денені тік ұстау, тамақты асықпай жеу, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру т.б.				

Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық	9.30 - 10.00	«Ойнайық та, ойлайық» ойын ойнау арқылы балалардың оқу қызметіне қызығушылығын ояту.				
		Дид.ойын: «Кемпіркосак» Мақсаты: Балаларды түстер жүйесімен таныстыру. Спектрдегі түстердің орналасуымен таныстыру.	Дид.ойын: «Түрлі - түсті гүл шоғын кұрастыр» Мақсаты: Жылы және суық түстерді айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту.	Дид.ойын: «Шыршаны безендір» Мақсаты: Түстердің ренкі бойынша топтастыра білуге үйрету.	Дид.ойын: «Қандай түстер қолданылған?» Мақсаты: Бір түстің 2 ренкін ажырата білуге, түс ренктерін бейнелеп айтудағы сөзді сөйлем ортасына қолдана білуге жаттықтыру: күрең қызыл, ашық сары, ашық сарғыш.	Дид.ойын: «Натюрморт, пейзажды кұрастыр» Мақсаты: балалардың өнері жанрлары жайлы түсінік калыптастыра отырып, қиылған зат бейнелерінен натюрморт, пейзаж картиналарын кұрастыру.
Ұйымдастырылған оқу қызметі	10.00 - 10.35	1. Дене шы-у Тақырыбы: Кедергілер арасынан допты қос қолмен ұстап жүріп өту. Мақсаты: Кедергілер арасынан допты қос қолмен ұстап жүріп өтуге (30-40 см) жіптің астынан еңбектеп өтуге үйрету. Бір-біріне кедергі	1.Сенсорика Тақырыбы: Құтақандарға арналған үй. Мақсаты: Балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Балалардың түске байланысты таңдау, топтастыра білуге үйрету. Есте сақтау қабілетін	1. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Ғажайып қалта. Мақсаты: Көкөністер, жемістер туралы түсінік беру. Оларды сипаттап айтуға үйрету. Сөздік қорын молайту. Сөз тіркестерін үйрету. Ұйымшылдыққа баулу. 2. Сурет салу Тақырыбы: Әр түстегі	1.Дене шы-у Тақырыбы: Жіптің (биіктігі 30-40 см) астымен өту. Мақсаты: Жіптің (30-40 см биіктігі) астымен еңбектеп өтуге допты қос қолмен ұстап шенберге лақтыруды үйрету. 2. Жаратылыс тану.	1.Дене шы-у Тақырыбы: Допты қос қолмен ұстап шенберге лақтыру. Мақсаты: Допты қос қолдан ұстап шенберге лақтыру, доғалар астынан еңбектеп өтуге үйрету. Ойын: «Күн сәулесін ұстайық»

		жасамауларын қадағалау. 2. Мүсіндеу. Тақырыбы: Ағаштағы алмалар Мақсаты: Ермексазды алақан арасына салып айналдыра домалақтау арқылы мүсіндей білуге үйрету. Тілдерін дамыту саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру табиғатты аялауға тәрбиелеу.	дамыту. 2. Музыка Тақырыбы: Қуыршақпен билейміз. Мақсаты: Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылық қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету.	қақпақтар. Мақсаты: карандашты үш саусақпен дұрыс ұстай отырып ұшын сәл жоғары қатты қыспай, оң қолмен қағаз бетінде төменнен жоғары қарай оннан солға қарай сызықтар жүргізе білуге үйрету.	Тақырыбы: Менің ойыншықтарым. Мақсаты: балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру. Ойыншықтардың аттарын атап олардың бір-біріне түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	
Серуен	10.35-11.40	Серуенге дайындық. Дұрыс киінуін қадағалау, балаларға көмектесу. Аулаға келген құстарды бақылау. Құстар туралы әңгімелеу. Түрлі ойын ұйымдастыру. 1. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету. 2. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. 3. Қимылды ойын: «Ұшты - ұшты» Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.				
Серуеннен оралу	11.40 - 12.00	Серуеннен оралу. Дұрыс киінуге көмектесу. Киімдерді өз орнына ретімен сөреге қоюын қадағалау. Тазалық жұмыстарын жүргізу, беті – қолын жуу.				
Түскі ас	12.00 -	Балаларды орындыққа дұрыс отыруын қадағалау.				

		Түскі ас түрімен таныстыру. Асты төкпей – шашпай ілуге үйрету. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
Тәтті ұйқы	12.30-	Балаларды тәтті ұйқыға шақыру. Әр бала өз төсегіне жатуын қадағалау.				
Ұйқыдан ояну.	15.00-	Әсем әнмен балаларды ояту.				
Шынықтыру шаралары	15.30	Түрлі жаттығулар жасау. Ауыз су процедурасын орындату. Беті – қолын салқын сумен шаю.				
Бесін ас	15.30-16.00	Балаларды тамақтануға шақыру. Ас түрімен таныстыру. Дұрыс тамақтануын қадағалау. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
«Алақай, ойын» Сюжетті-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар	16.00-16.35	Дид.ойын: «Тышқанды жасыру» Максаты: Балаларда 6 түс туралы («қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр», «сарғыш») түсінік қалыптастыру.	Шебер қолдар «Аспазшы» Дид.ойын: «Кемпіркөсак» Максаты: Балаларды түстер жүйесімен таныстыру. Спектрдегі түстердің орналасуымен таныстыру.	Сюжетті ойын: «Шаштараз» Максаты: Балалардың өз бетерінше тақырыпқа сай ойынның сюжетін құрып, рөлдерге бөле білу әдетін қалыптастыру. Ойында рөлдік қарым-қатынасты орната білуге, қоғамдық ортада өз өзін ұстай білу мәдениетілігін орнату.	Ойнайық та, ойлайық! «Сөбіздер» Дид.ойын: «Қандай түстер қолданылған?» Максаты: Бір түстің 2 ренкін ажырата білуге, түс ренктерін бейнелеп айтудағы сөзді сөйлем ортасына қолдана білуге жаттықтыру: күрөң қызыл, ашық сары, ашық сарғыш.	Сюжетті ойын: «Дүкенші» Максаты: Балаларға дүкен, дүкенші (тұтынушы туралы түсінік беру) Дүкен адамдарға өте қажет екенін, дүкеннен азық - түлік, ойыншық ақшаға алатыны туралы түсінік түсіндіру.
Серуенге дайындық, серуен	16.35-17.30	Балалардың киінуін қадағалау. Дұрыс киіндіру. Керек заттарын ала отырып, таза ауаға, өз ауласына шығу.				
Балалардың үйге қайтуы	17.50-18.00	Ата – аналармен қарым – қатынас. Балалардың бүгінгі көңіл – күйін, белсенділігін, аздаған кемшіліктерін әңгімелеу. Балалармен ертеңге дейін қоштасу.				

Прексертінгі: 10.09.2021ж. 

**«Ақ қайың» бөбекжайы
«Балбөбек» кіші тобы**

**Қыркүйек айы (20.09 – 24. 09. 2021 жыл
Өтпелі тақырыбы: « Балабақша»**

Мақсаты: Қоршаған орта мен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамыту.
Қыркүйек айының VI-апта тақырыбы: «Жомарт күз»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата – аналармен сұхбаттасу	7.30-8.30	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Ата – аналармен баланың денсаулығы, көңіл – күйі туралы әңгімелесу. Балаларға бүгінгі күнді көңілді, әрі қызықты өткізуді ұсыну.				
Ойындар		Дид.ойын: «Сайқымазақтарды киіндір» Мақсаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау.	Дид.ойын: «Жапырақтарды құрастыр» Мақсаты: балалардың бейнелеу өнері жанрлары жайлы түсінік қалыптастыра отырып, қиылған зат бейнелерінен картиналарын құрастыру.	Дид.ойын: «Түрлі – түсті көйлектегі бишілер» Мақсаты: Кемпіркосак түстерінің орналасу реттілігі мен түстің атауын білуді бекіту. Қуыршақтардың көйлектері мен түстері жайлы әңгімелей білуге жаттықтыру.	Дид.ойын: «Қандай түстер қолданылған?» Мақсаты: Бір түстің 2 реңкін ажырата білуге, түс реңктерін бейнелеп айтудағы сөзді сөйлем ортасына қолдана білуге жаттықтыру: күрең қызыл, ашық сары, ашық сарғыш.	Дид.ойын: «Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық» Мақсаты: Негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемде қолдана білуге жаттықтыру.
Таңғы жаттығу		Балалармен таза ауада, көңілді әуенмен таңғы жаттығуды орындау.				
Таңғы ас	8.30-9.30	Топқа келу. Таңғы ас түрімен таныстыру. Тамақтану ережелерін бала бойына сіңіру, денені тік ұстау, тамақты асықпай жеу, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру т.б.				

Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындық	9.30 10.00	«Ойнайық та, ойлайық» ойын ойнау арқылы балалардың оқу қызметіне қызығушылығын ояту.				
		Дид.ойын: «Ауадағы шарлар». Мақсаты: Дидактикалық ойын арқылы балаларды үлгіге қарап, алты түспен («қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр», «сарғыш») таныстыру көзделеді.	Дид.ойын: «Футболшылар» Мақсаты: Балалардың негізгі және қосымша түстерді айыра білуге үйрету. Түстерді топтай білу. Ашық және қою түстерді қолдануда сөздіктерді орнымен қолдана білу.	Дид.ойын: «Жылы және суық түстер» Мақсаты: Жылы және суық түстерді айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту. Балалардың сөйлеу тілінде зат атауын жалпылама айта білуді бекіту.	Дид.ойын: «Түсіне қарай орналастыр» Мақсаты: балалардың 4 түс туралы алған білімін бекіту. Заттардың әр түрлі сыртқы ерекшеліктеріне, пішін, көлем, атқару қызметіне,назар аудармай отырып түстерді айыру.	Дид.ойын: «Ыдыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес» Мақсаты: Алты түсті менгертуді үйретуге жаттықтыру.
Ұйымдастырылған оқу қызметі	10.00 10.35	1. Дене шы-у Тақырыбы: Доғалар астынан енбектеп өту. Мақсаты: Доғалар астынан енбектеп өтуге, арқан үстінен секіруге үйрету. Балаларға жаттығу ережесін толық, дұрыс орындауға, бір – біріне кедергі келтірмеуге	1.Құрастыру Тақырыбы: Тар және кең жолдар. Мақсаты: Балаларды тар және кең ұғымдарымен таныстыру, құрлыс материалдарымен таныстыру,құрлыс материалдармен жұмыс жасай білуге олардың түсін, пішінін,	1. Көркем әдебиет Тақырыбы: Жемістер жыры. Мақсаты: Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Жемістерді (алма, өрік, кара өрік, шіне) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы	1.Дене шы-у Тақырыбы: Арқан үстінен секіру. Мақсаты: Арқан үстінен секіруге балаларды жаттығу ережелерін толық, дұрыс орындауға және арақашықтығын дұрыс сақтауға үйрету 2.Жаратылыс	1. Дене шы-у Тақырыбы: Тартылған жіптен аттап өту. Мақсаты: Тартылған жіптен аттап өтуге (биіктігі 10-15 см) үйрету.бір –біріне кедергі жасамауларын қадағалау.ұқыптылыққа тәрбиелеу.

		үйрету. 2. Сурет салу. Тақырыбы: Қызыл жасыл жапырақтар. Мақсаты: Балаларға алақан арқылы жапырақтың бейнесін салуды үйрету. Негізгі түстер туралы айту. Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.	көлемін ажырата алуға және тәрбиешінің шарты бойынша құрлыс материалдардан кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру.	түсініктерін дамыту. Жеміс пен көкөністің айырмашылығын білу. 2. Музыка Тақырыбы: Күз ырғағы. Мақсаты: Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру	тану тақырыбы Көкөністер қияр, қызанақ. Мақсаты: Көкөністер, оларды түстері, жинап алатын мезгілі және неге көкөніс деп аталатынын түсіндіру. көкөністі сипаттау арқылы сөзік қорын, ойлау қабілетін дамыту. Ойын: «Көкөністерді жинау»	
Серуен	10.35 - 11.40	Серуенге дайындық. Дұрыс киінуін қадағалау, балаларға көмектесу. Аулаға келген құстарды бақылау. Құстар туралы әңгімелеу. Түрлі ойын ұйымдастыру. 1. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады. 2. Қимылды ойын: «Төбеде доп қуу» Мақсаты: Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. 3. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. 4. Еңбекке баулу: балабақша ауласын көшеттерді отырғызу.				

Серуеннен оралу	11.40 - 12.00	Серуеннен оралу. Дұрыс киінуге көмектесу. Киімдерді өз орнына ретімен сөреге қоюын қадағалау. Тазалық жұмыстарын жүргізу, беті – қолын жуу.
Түскі ас	12.00 - 12.30	Балаларды орындыққа дұрыс отыруын қадағалау. Түскі ас түрімен таныстыру. Асты төкпей – шашпай ішуге үйрету. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.
Тәтті ұйқы	12.30 - 13.00	Балаларды тәтті ұйқыға шақыру. Әр бала өз төсегіне жатуын қадағалау.
Ұйқыдан ояну. Шынықтыру шаралары	13.00 - 13.30	Әсем әнмен балаларды ояту. Түрлі жаттығулар жасау. Ауыз су процедурасын орындату. Беті – қолын салқын сумен шаю. Дұрыс киінуін қадағалау.
Бесін ас	13.30 - 14.00	Балаларды тамақтануға шақыру. Ас түрімен таныстыру. Дұрыс тамақтануын қадағалау. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.

«Алақай, ойын» Сюжетті-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар	16.00 - 16.35	Дид.ойын: «Сыңарын тап» Мақсаты: Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік беру. Аяқ киімдердің түр - түсіне, көлеміне, пішініне және ою - өрнегіне байланысты сыңарын таба білу.	Ойнайық та, ойлайық! «Қуыршақты тамақтандыру» Дид.ойын: «Кемпірқосақ» Мақсаты: Балаларды түстер жүйесімен таныстыру.	Дид.ойын: «Тышқанды жасыру» Мақсаты: Балаларда 6 түс туралы түсінік калыптастыру.	Сюжетті ойын: «Дүкенші» Мақсаты: Балаларға дүкен, дүкенші Дүкен адамдарға өте қажет екенін, туралы түсінік түсіндіру.	Сюжетті ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың өз бетерінше тақырыпқа сай ойынның сюжетін кұрып, рөлдерге бөле білу әдетін калыптастыру.
Серуенге дайындық, серуен	16.35 - 17.30	Балалардың киінуін қадағалау. Дұрыс киіндіру. Керек заттарын ала отырып, таза ауаға, өз ауласына шығу.				
«Ертеңге дейін»	17.50 - 18.00	Ата – аналармен қарым – қатынас. Балалардың бүгінгі көңіл – күйін, белсенділігін, аздаған кемшіліктерін әңгімелеу. Балалармен ертеңге дейін қоштасу.				

Тексерілді 17.09 2021ж. *Айт*

**«Ақ қайың» бөбекжайы
«Балбөбек» кіші тобы**

Қыркүйек айы (27.09 – 01. 10. 2021 жыл)
Өтпелі тақырыбы: «Балабақша»

Мақсаты: Қоршаған орта мен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамыту.
Қыркүйек айының V-апта тақырыбы: «Жомарт күз»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата – аналармен сұхбаттасу	7.30 - 8.30	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Ата – аналармен баланың денсаулығы, көңіл – күйі туралы әңгімелесу. Балаларға бүгінгі күнді көңілді, әрі қызықты өткізуді ұсыну.				
Ойындар		Дид.ойын: «Сайқымазақтарды киіндір» Мақсаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау.	Дид.ойын: «Жапырақтарды құрастыр» Мақсаты: балалардың бейнелеу өнері жанрлары жайлы түсінік қалыптастыра отырып, қиылған зат бейнелерінен картиналарын құрастыру.	Дид.ойын: «Түрлі – түсті көйлектегі бишілер» Мақсаты: Кемпіркосак түстерінің орналасу реттілігі мен түстің атауын білуді бекіту. Қуыршақтардың көйлектері мен түстері жайлы әңгімелей білуге жаттықтыру.	Дид.ойын: «Қандай түстер қолданылған?» Мақсаты: Бір түстің 2 реңкін ажырата білуге, түс реңктерін бейнелеп айтудағы сөзді сөйлем ортасына қолдана білуге жаттықтыру: күрең қызыл, ашық сары, ашық сарғыш.	Дид.ойын: «Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық» Мақсаты: Негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемде қолдана білуге жаттықтыру.
Таңғы жаттығу		Балалармен таза ауада, көңілді әуенмен таңғы жаттығуды орындау.				
Таңғы ас	8.30 - 9.30	Топка келу. Таңғы ас түрімен таныстыру. Тамақтану ережелерін бала бойына сіңіру, денені тік ұстау, тамақты асықпай жеу, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру т.б.				
Ойындар, ұйымдастырылған	9.30	«Ойнайық та, ойлайық» ойын ойнау арқылы балалардың оқу қызметіне қызығушылығын ояту.				

оқу қызметтеріне дайындық	10 00	Дид.ойын: «Ауадағы шарлар». Мақсаты: Дидактикалық ойын арқылы балаларды үлгіге карап, алты түспен («қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр», «сарғыш») таныстыру көзделеді.	Дид.ойын: «Футболшылар» Мақсаты: Балалардың негізгі және қосымша түстерді айыра білуге үйрету. Түстерді топтай білу. Ашық және қою түстерді қолдануда сөздіктерді орнымен қолдана білу.	Дид.ойын: «Жылы және суық түстер» Мақсаты: Жылы және суық түстерді айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту. Балалардың сөйлеу тілінде зат атауын жалпылама айта білуді бекіту.	Дид.ойын: «Түсіне қарай орналастыр» Мақсаты: балалардың 4 түс туралы алған білімін бекіту. Заттардың әр түрлі сыртқы ерекшеліктеріне, пішін, көлем, атқару қызметіне, назар аудармай отырып түстерді айыру.	Дид.ойын: «Ыдыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес» Мақсаты: Алты түсті менгертуді үйретуге жаттықтыру.
Ұйымдастырылған оқу қызметі	10 50 10 35	1. Дене шы-у Тақырыбы: Доғалар астынан енбектеп өту. Мақсаты: Доғалар астынан енбектеп өтуге, арқан үстінен секіруге үйрету. Балаларға жаттығу ережесін толық, дұрыс орындауға, бір – біріне кедергі келтірмеуге үйрету. 2. Сурет салу. Тақырыбы: Қызыл жасыл жапырақтар. Мақсаты: Балаларға алақан	1. Құрастыру Тақырыбы: Тар және кең жолдар. Мақсаты: Балаларды тар және кең ұғымдарымен таныстыру, құрлыс материалдарымен таныстыру, құрлыс материалдармен жұмыс жасай білуге олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға және тәрбиешінің шарты бойынша құрлыс материалдардан кеңістікте дұрыс	1. Көркем әдебиет Тақырыбы: Жемістер жыры. Мақсаты: Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы түсініктерін дамыту. Жеміс пен көкөністің айырмашылығын білу. 2. Музыка Тақырыбы: Күз	1. Дене шы-у Тақырыбы: Арқан үстінен секіру. Мақсаты: Арқан үстінен секіруге балаларды жаттығу ережелерін толық, дұрыс орындауға және арақашықтығын дұрыс сақтауға үйрету 2. Жаратылыс тану тақырыбы Көкөністер қияр, қызанақ. Мақсаты: Көкөністер, оларды түстері,	1. Дене шы-у Тақырыбы: Тартылған жіптен аттап өту. Мақсаты: Тартылған жіптен аттап өтуге (биіктігі 10-15 см) үйрету. бір –біріне кедергі жасамауларын қадағалау. ұқыптылыққа тәрбиелеу.

		арқылы жапырақтың бейнесін салуды үйрету. Негізгі түстер туралы айту. Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.	орналастыра білуге дағдыландыру.	ырғағы. Мақсаты: Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру	жинап алатын мезгілі және неге көкөніс деп аталатынын түсіндіру. көкөністі сипаттау арқылы сөзік қорын, ойлау қабілетін дамыту. Ойын: «Көкөністерді жинау»	
Серуен	10.35 11.40	Серуенге дайындық. Дұрыс киінуін қадағалау, балаларға көмектесу. Аулаға келген құстарды бақылау. Құстар туралы әңгімелеу. Түрлі ойын ұйымдастыру. 1. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады. 2. Қимылды ойын: «Төбеде доп қуу» Мақсаты: Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылыққа тәрбиелеу. 3. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. 4. Еңбекке баулу: балабақша ауласын көшеттерді отырғызу.				
Серуеннен оралу	11.40 12.00	Серуеннен оралу. Дұрыс киінуге көмектесу. Киімдерді өз орнына ретімен сөреге қоюын қадағалау. Тазалық жұмыстарын жүргізу, беті – қолын жуу.				
Түскі ас	12.00 12.30	Балаларды орындыққа дұрыс отыруын қадағалау. Түскі ас түрімен таныстыру. Асты төкпей – шашпай ішуге үйрету. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
Тәтті ұйқы	12.30 - 15.00	Балаларды тәтті ұйқыға шақыру. Әр бала өз төсегіне жатуын қадағалау.				

Ұйқыдан ояну. Шынықтыру шаралары	15 00 15 30	Әсем әнмен балаларды ояту. Түрлі жаттығулар жасау. Ауыз су процедурасын орындату. Беті – қолын салқын сумен шаю. Дұрыс киінуін қадағалау.				
Бесін ас	15 30 16 00	Балаларды тамақтануға шақыру. Ас түрімен таныстыру. Дұрыс тамақтануын қадағалау. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
«Алақай, ойын» Сюжетті-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар	16 00 - 16 35	Дид.ойын: «Сынарын тап» Мақсаты: Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік беру. Аяқ киімдердің түр - түсіне, көлеміне, пішініне және ою - өрнегіне байланысты сынарын таба білу.	Ойнайық ойлайық! «Қуыршақты тамақтандыру» Дид.ойын: «Кемпіркосақ» Мақсаты: Балаларды түстер жүйесімен таныстыру.	Дид.ойын: «Тышқанды жасыру» Мақсаты: Балаларда 6 түс туралы түсінік қалыптастыру.	Сюжетті ойын: «Дүкенші» Мақсаты: Балаларға дүкен, дүкенші Дүкен адамдарға өте қажет екенін, туралы түсінік түсіндіру.	Сюжетті ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың өз бетерінше тақырыпқа сай ойынның сюжетін құрып, рөлдерге бөле білу әдетін қалыптастыру.
Серуенге дайындық, серуен	16 35 17 30	Балалардың киінуін қадағалау. Дұрыс киіндіру. Керек заттарын ала отырып, таза ауаға, өз ауласына шығу.				
Балаларды үйлеріне қайтару	17 50- 18 00	Ата – аналармен қарым – қатынас. Балалардың бүгінгі көңіл – күйін, белсенділігін, аздаған кемшіліктерін әңгімелеу. Балалармен ертеңге дейін қоштасу.				

Әмексеріңгі: 24. 09. 2021 ж. 

**«Ақ қайың» бөбекжайы
«Балбөбек» кіші тобы**

Мақсаты: Отбасы, ана, әке, әже, ата отбасы мүшелерінің міндеттері туралы отбасындағы өзара жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Міндеті: Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу, туыстық байланыс туралы түсініктерін кеңейту.

Қазан айының 1 апта тақырыбы: «Бір шаңырақ астында»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	7.30-8.30	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Ата – аналармен баланың денсаулығы, көңіл – күйі туралы әңгімелесу. Балаларға бүгінгі күнді көңілді, әрі қызықты өткізуді ұсыну.				
Ойындар		Дид.ойын: «Ауадағы шарлар». Мақсаты: Дидактикалық ойын арқылы балаларды үлгіге қарап, алты түспен («қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр», «сарғыш») таныстыру көзделеді.	Дид.ойын: «Тышқанды жасыру» Мақсаты: Балаларда 6 түс туралы («қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр», «сарғыш») түсінік қалыптастыру	Дид.ойын: «Сайқымазақ-тарды киіндір» Мақсаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау.	Дид.ойын: «Түрлі - түсті гүл шоғын құрастыр» Мақсаты: Жылы және суық түстерді айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту	Дид.ойын: «Кемпірқосақ» Мақсаты: Балаларды түстер жүйесімен таныстыру.
Таңғы жаттығу		Балалармен таңғы жаттығуды орындау кешені. Балаларды шеңберге тұрғызып жүру,жаю жүру,қолды белге қойып аяқтың ұшымен жүру.				
Таңғы ас	8.30-9.30	Топқа келу. Таңғы ас түрімен таныстыру. Тамақтану ережелерін бала бойына сіңіру, денені тік ұстау, тамақты асықпай жеу, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру т.б.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне (ҰОҚ) дайындық	9.30-10.00	Дид.ойын: «Заттардың түсін ажыратайық» Мақсаты: Заттың түсін ажырата білуге балаларды жаттықтыру; өзара бір - біріне жақын түстерді	Дид.ойын: «Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық» Мақсаты: Herizгі	Дид.ойын: «Түрлі - түсті көйлектегі бишілер» Мақсаты: Кемпірқосақ	Дид.ойын: «Жылы және суық түстер» Мақсаты: Жылы және суық түстерді	Дид.ойын: «Сыңарын тап» Мақсаты: Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік

		ажырата білу.	түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемде колдана білуге жаттықтыру.	түстерінің орналасу реттілігі мен түстің атауын білуді бекіту. Қуыршақтардың көйлектері мен түстері жайлы әңгімелей білуге жаттықтыру.	айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту. Балалардың сөйлеу тілінде зат атауын жалпылама айта білуді бекіту.	беру. Аяқ киімдердің түр - түсіне, көлеміне, пішініне және ою - өрнегіне байланысты сынарын таба білу.
Ұйымдастырылған оқу кызыметі	10.00-10.35	1. Дене шығу Тақырыбы: Допты бір-біріне беріп лақтырып алу. Мақсаты: Допты бір-біріне беріп лақтыру, ұстап алуға, түзу және ирек жолдармен жүруге үйрету. 2. Жапсыру Тақырыбы: Менің үйім. Мақсаты: Балаларға үйдің суретін жапсыру геометриялық пішіндерден(үшбұрыш, төртбұрыш) жайлы түсінік беру. Үйдің суретін жапсыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Отбасы туралы сөздер айтуға үйрету. Ойын: «Өз үйінді тап»	1. Сенсорика Тақырыбы: «Шуақты күн» Мақсаты: Күн болып шеңберден шықпауға үйрету. Шуақты күн туралы түсінік беру арқылы күннің түсін, пішін, айтқызу арқылы сөздік қорын байыту. 2. Музыка Тақырыбы: Әжеміз қонақта. Мақсаты: Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру. Әнге деген қызығушылық сезімін ояту.	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ қонақта келді» Мақсаты: Балаларға ыдыстармен тағамдардың аттарын атауды үйрету, олардың ажыратуға жаттықтыру. Қонақ күту ережесімен таныстыру. Қонақжайлыққа тәрбиелеу. 2. Сурет салу. Тақырыбы: Әжемнің жіп шумақтары. Мақсаты: Балалардың түрлі түсті фламастермен жіп орамының суретін салуға қағаздың ортасына бір нүкте белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету.	1. Дене шығу Тақырыбы: Түзу және ирек жолдармен жүру. Мақсаты: Түзу және ирек жолдармен жүруге тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Жаратылыс тану Тақырыбы: Менің отбасым. Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық таза жеткізе білуге дағдыландыру отбасы сыйлауға, кішіге қамқорлық әдептілік сақтауға тәрбиелеу.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Мақсаты: Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруге отырып арақашықтықты 50-100 см допты бір-біріне домалатып үйрету.
Серуен	10.35-11.40	Серуенге дайындық. Дұрыс киінуін қадағалау, балаларға көмектесу. Аулаға келген құстарды бақылау. Құстар туралы әңгімелей. Түрлі ойын ұйымдастыру. 1. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету.				

		2. Қимылды ойын: «Түлкі мен балапандар» Мақсаты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетперде кигізіп ойын ойналады. 3. Қимылды ойын: «Донты қуып жет» Мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тындауға,тез жүгіруге,түсетерінің көлемін ажырата білуге баулу. Еңбекке баулу: Балабақша ауласындағы жапырақтарды достарымызбен бірге тазалау.				
Серуеннен оралу	11.40-12.00	Серуеннен оралу. Дұрыс киінуге көмектесу. Киімдерді өз орнына ретімен сөреге қоюын қадағалау. Тазалық жұмыстарын жүргізу, беті – қолын жуу.				
Түскі ас	12.00-12.30	Балаларды орындыққа дұрыс отыруын қадағалау. Түскі ас түрімен таныстыру. Асты төкпей – шашпай ісуге үйрету. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
Тәтті ұйқы	12.30-15.00	Балаларды тәтті ұйқыға шақыру. Әр бала өз төсегіне жатуын қадағалау.				
Ұйқыдан ояну. Шынықтыру шаралары	15.00-15.30	Әсем әнмен балаларды ояту. Түрлі жаттығулар жасау. Ауыз су процедурасын орындату. Беті – қолын салқын сумен шаю. Дұрыс киінуін қадағалау.				
Бесін ас	15.30-16.00	Балаларды тамақтануға шақыру. Ас түрімен таныстыру. Дұрыс тамақтануын қадағалау. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
«Алақай, ойын» Сюжетті-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар	16.00-16.35	Дид.ойын: «Ыдыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес» Мақсаты: Алты түсті менгертуді үйретуге жаттықтыру.	Дид.ойын: «Түсіне қарай орналастыр» Мақсаты: балалардың 6 түс туралы алған білімін бекіту. Заттардың әр түрлі сыртқы ерекшеліктеріне, пішін, көлем, атқару қызметіне,назар аудармай отырып түстерді айыру.	Дид.ойын: «Қандай түстер қолданылған?» Мақсаты: Бір түстің 2 ренкін ажырата білуге, түс ренктерін бейнелеп айтудағы сөзді сөйлем ортасына қолдана білуге жаттықтыру. күрен қызыл, ашық сары, ашық сарғыш.	Сюжетті ойын: «Емхана» Мақсаты: Балалардың ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлу, ойын аяқталған соң бір ұжымға жиналу әдетін қалыптастыру. Ойында қоршаған ортадан алған білімдерін, алуемттік медицинаның маңызын көрсете білу.	Сюжетті ойын: «Отбасы. Қарлығаштың туған күні» Мақсаты: Ойында отбасы, бірге тұратын адамдар туралы көзқарастарды, жақындарды қорғау тілегін қалыптастыру, өз отбасы туралы мақтанышын тудыру. Сөйлеу қабілеті арқылы ойында бірлесуге үйрету, өтініштерін айту, өз әрекеттерін түсіндіру.
Серуенге дайындық, серуен	16.35-17.30	Балалардың киінуін қадағалау. Дұрыс киіндіру. Керек заттарын ала отырып, таза ауаға, өз ауласына шығу.				
Ата-аналармен сұхбатасу. Балаларды үйлеріне қайтару	17.30-17.50 18.30	Ата – аналармен қарым – қатынас. Балалардың бүгінгі көңіл – күйін, белсенділігін, аздаған кемшіліктерін әңгімелеу. Балалармен ертеңге дейін қоштасу.				

Тексерілді 01.10.2021 ж. *Ш.Ш.*

**«Ақ қайың» бөбекжайы
«Балбөбек» кіші тобы**

Мақсаты: Отбасы, ана, әке,әже, ата отбасы мүшелерінің міндеттері туралы отбасындағы өзара жағымды қарым –қатынасқа тәрбиелеу.
Міндеті: Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу, туыстық байланыс туралы түсініктерін кеңейту.
Қазан айының 2 апта тақырыбы: «Қош келдің алтын күз»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	7.30-8.30	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Ата – аналармен баланың денсаулығы, көңіл – күйі туралы әңгімелесу. Балаларға бүгінгі күнді көңілді, әрі қызықты өткізуді ұсыну.				
Ойында		Дид.ойын: «Түрлі – түсті жолақтар» №1 папка -2 Мақсаты: Кемпіркосақ түстерінің орналасу реттілігі мен түстің атауын білуді үйрету.	Дид.ойын: «Қандай түстер қолданылған?» Мақсаты: Бір түстің 2 реңкін ажырата білуге, түс реңктерін бейнелеп айтудағы сөзді сөйлем ортасына қолдана білуге жаттықтыру: күрен қызыл, ашық сары.	Дид.ойын: «Түрлі - түсті гүл шоғын құрастыр» Мақсаты: Жылы және суық түстерді айыра білуге және олардың аталуын белсенді сөздік қорында бекіту.	Дид.ойын: «Қуыршақтың көйлегі» Мақсаты: Түстердің реңкі бойынша топтастыра білуге үйрету.	Дид.ойын: «Футболшылар» Мақсаты: Балалардың негізгі және қосымша түстерді айыра білуге үйрету. Түстерді топтай білу. Ашық және қою түстерді қолдануда сөздіктерді орнымен қолдана білу.
		Балалармен таза ауада, көңілді әуенмен таңғы жаттығуды орындау.				
Таңғы ас	8.30-9.30	Топқа келу. Таңғы ас түрімен таныстыру. Тамақтану ережелерін бала бойына сіңіру, денені тік ұстау, тамақты асықпай жеу, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру т.б.				

Ұйымдастырылған оқу қызметтеріне (ҰОҚ) дайындық	9.30-10.00	«Ойнайық та, ойлайық» ойын ойнау арқылы балалардың оқу қызметіне қызығушылығын ояту.				
		Дид.ойын: «Тышқанды жасыру» Мақсаты: Балаларда 6 түс туралы («кызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр», «сарғыш») түсінік қалыптастыру.	Дид.ойын: «Заттардың түсін ажыратайық» Мақсаты: Заттың түсін ажырата білуге балаларды жаттықтыру; өзара бір - біріне жақын түстерді ажырата білу	Дид.ойын: «Ыдыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес» Мақсаты: Алты түсті менгертуді үйретуге жаттықтыру.	Дид.ойын: «Ыдыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес» Мақсаты: Алты түсті менгертуді үйретуге жаттықтыру.	Дид.ойын: «Қуыршақты киіндір» Мақсаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау.
Ұйымдастырылған оқу қызметі	10.00-10.35	1. Дене шы-у Тақырыбы: Отырып(50-100см) допты бір-біріне лақтыру. Мақсаты: Отырып арақашықтықты 50-100см допты бір-біріне домалатуға кедергіден (текшелерден аттап өтуге үйрету. 2.Сурет Тақырыбы: Жау-жау жаңбыр. Мақсаты: Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікте дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру,	1.Құрастыу Тақырыбы: Үй және қақпа. Мақсаты: Балаларды құрлыс материалдармен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.Үй және қақпа құрастыра білуге үйрету. 2.Музыка Тақырыбы: «Күзгі бақта» Мақсаты: Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын артыру, күзгі бақ туралы түсінік беру.	1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» өлеңі Мақсаты: Еңбекке деген қызығушылықты қалыптастыру, оның нәтижелерінің қадірлеуге үйрету. 2. Музыка Тақырыбы: «Күзгі бақта» Мақсаты: Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын артыру, күзгі бақ туралы түсінік беру.	1.Дене шы-у Тақырыбы: Кедергілерден өту Мақсаты: Кедергілерден (текшелерден) аттап өтуге биіктік тен қос аяқпенсекіруге (5-10см) үйрету. 2.Жаратылыс тану Тақырыбы: Жемісттер (алма) Мақсаты: Балалар жемістердің түрлерімен таныстырып олардың бір-біріне түсі, пішіні,	1. Дене шы-у Тақырыбы: Биіктіктен қос аяқпен секіру. Мақсаты: Биіктіктен қос аяқпен секіруге (5-10 см) еекі қатарға қойылған (арасы 30-40 смалшақ) кедергілер арасымен допты қос қолмен ұстап жүруге үйрету.

		балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс әрекетке бере білуге үйрету.		дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету. Балалардың сүйіп жейтін жемісі алмамен жақын таныстыру, түстер туралы ұжыммен бекітіп, ойлау қабілеті мен сөздің қорын жетілдіру.	
